«Болашақ» Бестамақ балалар- бақшасы

Тексерілді :
Әдіскер:Уразалина.Г.Б.

Бекітілді :
Меңгеруші : Курманова .Л Б

# «Тәуелсіздік жетістіктері»

Танымдық оқу қызметі
«Балбөбек» ересек тобы

Тәрбиеші :Базаргалиева .А К

Қыркүйек – 2021 жыл

# «Тәуелсіздік жетістіктері»

**Мақсаты**: Балаларға білім күні туралы Қазақстан тәуелсіздікке қалай қол жеткізгені туралы түсінік беру..Рәміздерді атап айтуға үйрету..Өз елінің Тәуелсіздігі үшін күрескен қаһармандарын құрметтеуге ,адамгершілік сезімдерді қалыптастыру арқылы отаншылдыққа,еліміздің рәміздерін қастерлеуге,туған жеріне ,еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу.

**Шаттық шеңбері** : Жарқырап күнде ашылды,
Айналаға гүл шашылды
Қайырлы күн !
Біз нәзік қыздармыз!
Қайырлы күн!
Біз ержүрек ұлдармыз!

-Балалар бірінші қыркүйек білім күні .Балалардың бәрі қолдарына гүл шоқтарын алып білім алуға мектепке барады .

**Күтпеген сәт** : Тазша бала келеді қолында ойыншықтары бар.
-Балалар менімен бірге кім ойыншық ойнайды ?
-Тазша бала сәлеметсіз бе балалар балабақшада сабақ оқып жатыр ,балалардың қасында отырып балалардың тақпақтарын тыңда

Қане балалар білім күніне арналған тақпақтарымызды айтайықшы :

Кел балалар оқылық
Оқығанды көңілге
Ықылыспен тоқылық
Оқысаңдар балалар
Шамнан шырақ жағылар
Тілегеннің алдынан
Іздемей-ақ табылар **Сұлтанәлі**

Өмірдің бейбіт бағы бұл,
Асудан асып асқарлы!
Мінекей биыл тағы бір
Жаңа оқу жылы басталды **Әбілмансұр**

Егемен елдің төсінде
Шуағын шашқан арай күн
Азамат болып өсеміз
Қызыға әлем қарайтын. **Сабыржан**



**Ойын :«Кім жүйрік »**

-Біздің мемлекетіміз қалай аталады ?

-Біздің президентіміз кім ?

-Астанамыз қай қала ?

-Рәміздерді ата ?

-Рәміздерде не бейнеленген ?

-Рәміздердің авторларын ата ?



Балалар бүгін оқу қызметінде Қазақ елінің Тәуелсіздігі жайында айтатын боламыз.

Көрініс слайд Балалар 1986жылы желтоқсан айында Алматы қаласында алаңда үлкен жастар көтерлісі болды..Ол көтерліске Қайрат Рұсқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова және апаларымызбен ағаларымыз қатысты.Осындай батыр, ержүрек ағаларымызбен апаларымыздың арқасында ата-бабаларымыз аңсаған,армандаған тәуелсіздігімізге қолымыз жетіп ,міне биыл 30 жыл толып отыр .Содан бері өзіміздің Елбасымыз ,Астанамыз ,Рәміздеріміз бар.Қазақ жері күннен –күнге гүлденіп дамып келе жатыр.

**Сергіту сәті**: Бір екі үш.
Біз жинаймыз күш.
Терезені ашамыз.
Таза ауа жұтамыз.

-Балалар рәміздер туралы тақпақтарымызды айтайықшы :

Елтаңбасы елімнің
Неткен әйбат әдемі
Тұнығындай көңілді –
Ортада –аспан әлемі .
Құт.береке-шаңырақ
Орын алған ол төрден

Қанатты қос арғымақ
Екі жақтан көмкерген **Бейбарыс**

Көк аспандай көкпеңбек
Қазақстан жалауы
Көк емес ол тектен-тек
Елдің ашық қабағы **Айсұлу**

Әнұраны елімнің
Шақырады бірлікке .
Егеменді халқымның
Болашағы бірлікте **Алина**

Тазша бала : Менде балаларға өзіміздің ұлттық ойыны ханталапайды алып келдім бірге ойнайық.

**Ойын : «Хан талапай»** .

Ойын шарты : «Талапай-ау ,талапай,табылды ойын алақай» -деп қоржындағы асықтарды отырған балалардың алдына шашады.Балалар жарыса «Ханталапай» деп дауыстап , асықтарды таласып бөліп алады.




**Ойын : «Мақалдың жалғасын тап ?»**

«Отан отбасынан басталады»
«Туған жердей жер болмас,Туған елдей ел болмас»
«Туған жердің түні де,ыстық,күніде ыстық»
«Батыр туса, ел ырысы,жаңбыр жауса жер ырысы»



-Тазша бала балалардың барлығы мектепке барып білім алып жатыр мына сыйлығымызды алып мектепке барып білім ал жақсы үздік оқушы бол.

Тазша бала : жақсы балалар сау болыңыздар менде мектепке барып білім алайын.

Қортынды : Балалар бүгін оқу қызметімізде «Қазақстан»әнімен қорытындылайық. /Балалардың қолына жалаушалар таратылады /